

Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Ленинград ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы № 181 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 шілдеде № 4945 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 324 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 01.04.2020 № 324 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 21.06.2018 № 176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Ленинград ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 21.06.2018 № 176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Ленинград ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті сессияның төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы

*Т. Жауғаштин
А. Қарашолақов*

Сарыкөл ауданының Ленинград
ауылдық округінің әкімі

_____ С. Мақаев

Сарыкөл
аудандық мәслихатының
2014 жылғы 25 маусымдағы
№ 181 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Ленинград
ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын
ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы
мәслихатының 21.06.2018 № 176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Ленинград ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Ленинград ауылдық округінің Ленинград ауылының тұрғындары үшін	10
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Ленинград ауылдық округінің Вишневка ауылының тұрғындары үшін	1
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Ленинград ауылдық округінің Қарашілік ауылының тұрғындары үшін	3

Сарыкөл
аудандық мәслихатының
2014 жылғы 25 маусымдағы
№ 181 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданының
Ленинград ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық
жиындарын өткізудің қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Ленинград ауылдық округінде
Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан
Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы
" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-
тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №
1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын
бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Ленинград ауылдық округ ауыл

тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Ленинград ауылдық округінің аумағындағы ауылдардың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Ленинград ауылдық округінің әкімі шақырады.

Сарыкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ленинград ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Ленинград ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Ленинград ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 21.06.2018 № 176 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Бөлек жиынды Ленинград ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ленинград ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ленинград ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Сарыкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ленинград ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қойып оны Ленинград ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК